Құрылтайшы:
«ҚҰҚЫҚТЫҚ МИССИЯ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

Учредитель:
ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД «ПРАВОВАЯ МИССИЯ»
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ КЛУБ

Founder:
PUBLIC FOUNDATION «LEGAL MISSION»
INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
# НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА
# SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN

Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал
Международный научно-популярный журнал
International popular-science journal

№1 (43) 2017

ӨНЕРТАНУ - ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ - ART

ФИЛОЛОГИЯ - PHILOLOGY

ТЕХНИКА И ИНЖЕНЕРНЫЕ НАУКИ
TECHNOLOGY AND ENGINEERING SCIENCE
ТЕХНИКА ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРЛІК ҒЫЛЫМ

ЭКОНОМИКА. ПОЛИТИКА - ECONOMICS. POLITICS

Астана 2017

Международный научно-популярный журнал
ISSN 2073-333X

# Наука и жизнь Казахстана
# Қазақстанның ғылымы мен өмірі

№1 (43) 2017



ӘОЖ 821.512.122(091)

**Оспанова Ақнұр Абдужапарқызы**
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия докторы (PhD), аға оқытушы
e-mail: aknur.ospanova@mail.ru

**Қалқабаева Сәлима Абдраманқызы**
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология ғылымдарының кандидаты, доцент
e-mail: sk.61@mail.ru

# АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ДІН МӘСЕЛЕСІНДЕГІ ҰСТАНЫМДАРЫ

**Түйін.** *Мақалада XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлерінің дін мәселесіндегі ұстанымы нақтылы, жалпы көпшілікке беймәлім деректер негізінде, осы мәселеге қатысты жеке тұлғалардың пікір, көзқарас пайымын айналымға тартып отырып ой қозғаған автор діни ағартушылық пен ұлт-азаттық ұғымдардың сабақтастығы тұрғысында автор тарапынан өзіндік тоқтамдар жасалған.*

**Түйін сөздер:** *Алаш қайраткерлері, дін мәселесі, муфтилік мәселесі, шариғат, діни ағартушылық, ұлт-азаттық, Ресей мұсылмандары, жәдитшілдік, саяси, тарихи.*

**Резюме.** *В статье автор затронул позиции деятелей Алаша по религиозным вопросам в начале XX века, на основе точных, неизвестных широкой общественности сведений, принимая во внимание мнения, взгляды и рассудки частных лиц, относящихся к этому вопросу с точки зрения преемственности религиозно-просветительских и национально-освободительных понятий и были сделаны личные выводы со стороны автора.*

**Ключевые слова:** *деятели Алаша, вопросы религии, вопросы муфтийства, шариат, религиозное просветительство, национально-освободительный, Российские мусульмане, джадидизм, политический, исторический.*

**Summary.** *In the article the author touched upon the question of Alash figures position on religious issues in the early twentieth century, based on exact, unknown to the general public of information, taking into account the views, opinions and prejudices of individuals belonging to this issue in the terms of continuity of religious, educational and national liberation concepts, also personal conclusions were made by the author.*

**Key words:** *Alash figures, the issue of religion, the issue of mufti, sharia, religious educational, national liberation, the Muslims of Russia, jadidism, political, historical.*

Дін мәселесінің ұлттық мүддемен сабақтастығы бағытындағы XX ғасыр басындағы саяси ахуалдың тағы бір дерек, дәйектері Сәбит Мұқанов еңбегінде баяндалғаны туралы айтар едік. Осында Сәбит Мұқанов аса зор рухани ықпалды күш – діни-ағартушылыққа орай елеулі мағлұмат берген. Жәдитшілдік және дін жайында кең қозғап сөйлейді.

«Ұлтшылдық дүкені қызып, ұлт мәдениеті қолға алынғаннан кейін таза қазақ тілінде дін кітаптары шыға бастады. Мәселен:

1. «Құран құралы» Нығмет Құрапбаев.
2. «Пайғамбар заманы» Мапан Тұрғанбаев.
3. «Иман Еқитқад» Жүсіп Темірбеков.
4. «Иман ислам» Нұғыман Манаев.
5. «Өрнек» Омар Қарашев., тағы басқалар.

Бұл кітаптардың бәрі де 1910 жылдың бер жағында шықты. Бұлардың бәрінде де бұрынғы «Мұқтасар», «Құдурия», «Тағылыймо-ассалат», «Шыру тоссалат», «40 хадис», «Бақырған», «Бадуам», «Көрің кадырлердегі» сөздер таза қазақ тілінде жазылды. Қазақтың ұғымына сәйкес жазылды» [1, 46-б.].

Осы тұста діни ағартушылықтың зерттеушілер аса мән бере бермейтін бір дәйегін Сәбит Мұқанов айтып отыр. «Діни ағартушылықпен», «ұлт азаттық» ұғымдардың сабақтасып жату фактісін қазіргі кезеңде, бөлек-бөлек арнада зерделеп қарастырып отыруда ескермеуге болмайтын осы фактіге назар салу керек сияқты.

Сәбит Мұқанов XX ғасыр басындағы қазақ қайраткерлерінің дін мәселесіндегі ұстанымына зер салған. Расында да Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы қазақты басқаруда мүфтилікті қосып отыру мәселесін егжей-тегжейлі күн тәртібіне қойып отырған ғой. Бұны Сәбит Мұқанов тілге тиек етіп атап өткен.

Міржақып Дулатұлы қазақтағы мүфтилік мәселесін ұдайы назарға алып, үкіметке талап қылып айтудың жолдарын белгілеп көрсетіп отыратындығына қатысты Міржақып Дулатұлының еңбектерімен жақсы таныс адамдар әбден біледі.

«Түрік баласы» деген бүркеншік есіммен «Қазақ» газетінде 1913 жылдың 21 сәуірінде (№11) жарияланған «Қазақтағы мүфтилік мәселесі» еңбегінде қазақ еліндегі патшаға қарағаннан кейінгі дін жайын тарихи тұрғыда тұтас қамтып отырып баяндап, көкейкесті жайларды жұртшылыққа ұғындырып өтеді.

«1730 жылы Кіші жүздің ханы Әбілхайыр Петерборға елші жіберіп, Россия һүкіметіне бағып-



**Ашимова Малика Гениқызы**
СЕРІК АСЫЛБЕКҰЛЫНЫҢ «МЕКТЕП БІТІРУ КЕШІ» ӘҢГІМЕСІНІҢ ПОЭТИКАСЫ.................... 172

**Исаева Жазира Исақызы, Абдулхак Диера**
ҚАЗІРГІ ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ ҒАЛАМТОР- ЖАРНАМАНЫҢ ГИПЕРМӘТІНІН ЗЕРТТЕУ.......... 176

**Оспанова Ақнұр Абдужапарқызы, Қалқабаева Сәлима Абдраманқызы**
АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ДІН МӘСЕЛЕСІНДЕГІ ҰСТАНЫМДАРЫ .......... 179

**Сатылханова Гүлмира Алиханқызы, Танжарықова Алуа Васлийқызы.**
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҚҰС ОБРАЗЫНЫҢ СИМВОЛИКАЛЫҚ МӘНІ.......... 183

**Сатылханова Гүлмира Алиханқызы, Танжарықова Алуа Васлийқызы**
ҒАБИТ МҮСІРЕПОВТІҢ «ТАЛПАҚ ТАНАУ» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ
КӨРКЕМДІК ДЕТАЛЬ ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ ЭТНО-МӘДЕНИ СИПАТЫ.......... 187

**Бексеітова Раушан Маратқызы**
РОМАНТИЗМ ЖӘНЕ КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ .......... 190

**Еспенова Толқын Тұрсынқызы**
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АРАБ КІРМЕ СӨЗДЕРІНЕН ЖАСАЛҒАН
ҚОҒАМДЫҚ - ӘЛЕУМЕТТІК ТЕРМИНДЕР .......... 193

**Тәшімова Мәншүк**
ТАРИХИ ТАҚЫРЫПҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ДРАМАТУРГИЯНЫҢ
ҰЛТЖАНДЫЛЫҚТЫ ДАРЫТУДАҒЫ РӨЛІ .......... 196

**Хасилан Фариза, Ибраева Жанар Құлматқызы**
«БІЗДІҢ УАҚЫТ» АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ЛИНГВОПРАГМАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУЫ .......... 202

беріп, шамам келгенше ұлтыма болған міндетімді атқару үшін, бұл кітапты таратуды үстіме алдым. Бұл кітап бастауыш мектептің ақырғы жылында түзу асылмен оқытылса, балаға жақсы рух береді деп білем. Бұрын балаларымыз ноғайша «Ғасыр сағадат» оқығанда, көп сөзіне түсіне алмаушы еді. Сондықтан пайдасы да кем еді. Енді Тәңірім өзімізден жазушы берсе, жазған кітаптарын біз әзірлетіп тарата бермейтін неміз бар? Түрік қауымдарының ішіндегі ең сап болып тұрған жалғыз қазақ әдебиеті екен. Осы алтындай таза, гауһардай қымбат қазақ әдебиетіне қылған қызметіміз бүкіл түрік қауымдарына қылған қызметіміз болып табылады ғой» [2, 253-б.].

Міржақып Дулатұлы осы мақалада кітап саудасы, кітап бастыру ісі де кәсіптің бір көзі екендігін, бұған қазақтың тағы да салғырттық танытып отырғанын қоса айтады. XX ғасыр басында ел өркендеуінің бүге-шігесіне шейін саяси, әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан ғылыми негізді ұстанымдар жасаған қайраткерліктің ғибраты зор.

**_Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:_**

*1 Мұқанов С. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Атамұра. –2008. – 384 б.*
*2 Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Мектеп. –2003. – 2-т. – 392 б.*